

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ
№ 14 08.04.2021ж.
Көкшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№ 14 от 08.04.2021г.
город Кокшетау

Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID–19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі- COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 07 шілдедегі Кодексінің 9-, 36-, 102-, 104- және 107-баптарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-293/2020 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 05 наурыздағы № 10, 25 наурыздағы №12 қаулыларына сәйкес (бұдан әрі-ҚР БМСД-нің қаулылары) және тәулігіне COVID–19 коронавирус инфекциясының 98 зертханалық расталған жағдайы тіркелгеніне байланысты, оның ішінде белгілері бар- 82, белгілері жоқ- 16, репродуктив саны 1,146 құрайды, 100 мың тұрғынға шаққандағы көрсеткіш-2153,88 **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақмола облысының аумағында шаруашылық және өзге де қызмет пен халықтың өмір сүруінің ерекше жағдайларын эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін Ақмола облысының аумағында шектеу іс-шараларының жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

2. Жеке және заңды тұлғалары:

1) ҚР БМСД-нің № 67 қаулыға № 4-қосымшаға сәйкес жеке қорғаныш құралдарын (бір рет және бірнеше рет қолданылатын бетперделерді) қолдану және кәдеге жарату алгоритмін және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтауды қамтамасыз етсін;

2) отбасылық, естелік (банкет, үйлену той, мерейтой, дұға) және көпшілік жиналатын өзге де іс-шараларды қоғамдық тамақтану объектілерінде және үйде өткізуге тыйым салынсын;

3) қоғамдық тамақтану объектілерінде және үйде (отбасылық, естелік іс-шаралары (банкет, үйлену той, мерейтой, мерекелік корпоратив, лотерея ұтыс ойыны) ұйымдастырылған көпшілік жиналатын іс-шараларға, сондай-ақ қызметі ҚР және Ақмола облысының БМСД-нің қолданыстағы қаулыларымен шектелген объектілерге барудан бас тарту ұсынылсын;

4) әлеуметтік қашықтықты және жеке қорғаныш құралдарын (бір рет және бірнеше рет қолданылатын бетперделерді) **қолдану мен кәдеге жаратуды сақтай отырып**, ойын-сауық орындарсыз саябақтарға, алаңдарға, скверлерге және өзге де демалыс орындарына **топта 3 адамнан артық болмауы керек немесе бір отбасы мүшелеріне баруға рұқсат берілсін**;

5) жерлеу іс-шараларын жүргізу кезінде **кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, (отбасы мүшелері) 30 адамнан артық** жиналуға жол берілмесін.

3. Аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері, «Атамекен» ӨКП:

1) БМСД-нің № 67 қаулыға 1-қосымшаға сәйкес тиісті Дайындық актілерін алғаннан кейін объектілердің қызметін жаңдандыруды;

2) InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық форматта берілетін санитариялық нормаларға сәйкес келетін Сәйкестік Актісі негізінде;

3) объекті кіре берісінде санитариялық нормаларға Сәйкестік актісін көзге көрнетін жерге көпшілік мониторинг мүмкіндігі үшін орналастыруды;

4) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізілген кезде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін InfoKazakhstan.kz сайтында объектінің жұмысы туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды хабардар етуді;

5) бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлер дер кезінде шара қабылдау мақсатында шағымдарды және карантин режимін бұзу фактілерін орналастыру үшін InfoKazakhstan.kz сайтты пайдалануды;

6) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлар мен аудитор ұйымдарының тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыруды;

7) InfoKazakhstan.kz сайтындағы объектінің паспортына келушілердің үй-жайлардың жоспарланған толтырылуы туралы мәліметтерді кәсіпкерлік субъектісінің енгізуін (шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіндегі объектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес, ҚР БМСД-нің №67 қаулысының қосымшаларында айкындалатын 1 адамға белгіленген алаң ескеріле отырып айкындалады және енгізіледі);

8) «InfoKazakhstan» электрондық порталының жұмысы іске қосылғаннан кейін, объектілер белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде бизнес объектілерінің қызметін қайта бастауға арналған актіні электрондық түрде беруді қамтамасыз етсін.

4. Аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері:

- 1) көпшілік іс-шараларын (мерекелік, көпшілік спорт, ойын-сауық мәдени-көпшілік іс-шараларды, форум, конференция т.б. өткізуге), отбасылық іс-шараларды (банкет, үйлену тойы, мерейтой, мерекелік корпоратив, дұға) және көпшілік жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізуге тыйым салуды;
- 2) ойын-сауық мекемелері (караоке, бильярд, компьютер клубтары, түнгі, ойын клубтар, боулинг орталықтары, жабық үй-жайлардағы балалардың ойын алаңдары мен аттракциондары, батут және тағы басқалар), букмекер кеңселерінің және ересектер мен балаларға арналған өзге де ойын-сауық, кальян орындарының (оның ішінде қоғамдық тамақтану объектілеріндегі) қызметіне тыйым салуды;
- 3) мерекелік корпоративтерді ұйымдастыру мен өткізуге тыйым салуды;
- 4) корермендердің қатысуымен спорт іс-шараларын өткізуге тыйым салуды;
- 5) кезекші топтарды қоспағанда, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметіне тыйым салынсын. ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптарын сақтаған кезде және **25 адамнан артық емес** мектепке дейінгі балалар мекемелерінің кезекші топтарының қызметіне жол бермеуді;
- 6) банкет залдарының қызметін тоқтата тұруды;
- 7) балаларға арналған ойын-сауық орталықтарының (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар) қызметін тоқтата тұруды;
- 8) мәдениет объектілер қызметін тоқтата тұруды;
- 9) кинотеатр, театр, концерт залдарының қызметін тоқтата тұруды;
- 10) жүйелі жүрмейтін облысаралық (туристік тасымал) қозғалысын тоқтата тұру;
- 11) жүйелі жүрмейтін қалалық (туристік тасымал) қозғалысын тоқтата тұру;
- 12) қала маңындағы жолаушылар поездарының/электр пойыздарының, **жалны вагонсыз** жолаушылар поездарының қозғалысына рұқсат беруді;
- 13) ҚР БМСД № 67 қаулыға 3-қосымшаға сәйкес алгоритмді сақтай отырып, (қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған кезде) кеңестерді (отырыс) бетпе-бет режимде өткізуге рұқсат беруді;
- 14) ұжымдық іс-шараларды өткізбей діни объектілердің (мешіт, шіркеу, собор, синагога және т. б.) қызметіне рұқсат беруді;
- 15) гүлдер дүкені, фотосалон, кітапхана, мұражай қызметіне рұқсат беруді;
- 16) сауда аймақтарында (бутиктерде) ҚР БМСД-нің № 67 қаулыға 5 қосымшаға сәйкес әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, 1 адамға 4 шаршы метр орын болған жағдайда азық-түлік және азық-түлік емес ашық базарлардың қызметіне рұқсат беруді;
- 17) **сенбі мен жексенбіде жабық азық-түлік емес базарлардың қызметін тоқтата тұрып**, ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда келушілердің санын 30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш.м. орын сақталған, азық-түлік емес және азық-түлік жабық базарларының (базар үлгісіндегі сауда үйлері, сауда орталықтары, навильон, дүкен және т. б.) қызметіне рұқсат беруді;

18) ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптары сақтай отырып, келушілердің санын 30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш.м. сақталған жағдайда жұмыс уақытын сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін шектей отырып, супермеркет пен гипермаркет қызметіне рұқсат беруді;

19) азық-түлік супермаркеттері мен олардағы дәріханаларды, сондай-ақ уақытша егу пункттері ұйымдастырылған объектілерді қоспағанда, сенбі және жексенбіде жұмысты тоқтата отырып, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаған жағдайда келушілердің санын 30%-дан асырмай және бір келушіге 4 ш.м.орын арналған сауда ойын-сауық орталықтары, сауда үйлерінің, сауда орталықтарының қызметіне рұқсат берісін. **Балалар ойын алаңдары мен аттракциондарының қызметіне тыйым салуды;**

20) № 67 ҚР БМСДҚ-ға 9-қосымшаға сәйкес алгоритмді сақтай отырып, сауда-ойын-сауық орталықтары мен сауда үйлеріндегі фудкорт **(жұмыс режимін сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін шектей отырып,** тамақты үйге жеткізетін және сыртқа шығаратын кылып) қызметіне рұқсат беруді;

21) **көпшілік жиналатын салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық және басқа да іс-шараларды** өткізбей, жұмыс тәртібі сағат 09.00-ден 22.00-ге дейін, келушілердің саны 50%-ға дейін, бірақ отыратын орын 30-дан артық емес, үстел арасындағы қашықтық 2 метрден кем емес және келушілер арасында 1 метрден кем емес қашықтықты сақтаған жағдайда қоғамдық тамақтандыру объектілерінің (кафе, мейрамхана, асхана, дүкен жапындағы барлар және т.б.) қызметіне рұқсат берісін. ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, объект персоналы қорғау құралдарымен қамтылуы тиіс, персонал қолғапсыз, бетпердесіз жұмысқа жіберілмейді, келушілерге қызмет көрсеткен кезде персоналдың (официант) қолғапсыз, қорғау экрансыз жұмыс жасауына рұқсат берілмеуді;

22) ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, санитариялық нормаларға сай келетін Сәйкестік актісі болған жағдайда клиент залында (4 ш.м. 1 адам және оңтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілей отырып, кресло арасында кемінде 2 метр қашықтық) элеуметтік қашықтық сақталған жағдайда, алдын ала жазылу бойынша сұлулық салондары, шаштараздар, маникюр және педикюр қызметтері, косметологиялық қызмет көрсететін объектілер қызметіне рұқсат беруді;

23) ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптары сақталған жағдайда **алдын ала жазылу бойынша** топта 15 адамнан артық емес балалар кабинеттерінің/түзету орталықтары, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары қызметіне рұқсат беруді;

24) **сенбі және жексенбіде жұмысты тоқтата отырып,** ҚР БМСД-нің №67 қаулысының талаптары сақталған жағдайда алдын ала жазылу бойынша келушілердің санын 50%-дан асырмай және бір адамға 5 шаршы метрден кем емес орынды қамтамасыз етіп, фитнес орталықтары, тренажер залдары мен спорт-сауықтыру орталықтары қызметіне рұқсат беруді;

25) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған, келушілер санын 50%-дан асырмай және бір адамға 4 ш.м. кем емес орын болған жағдайда (монша ішінде шешінетін орын, гардеробы бар вестибюль, жуынатын орын, бу бөлмесі, демалыс бөлмесіз, ас ішетін орынсыз және жуыну уақытын 60 мин. дейін шектей отырып) қоғамдық монша қызметіне рұқсат беруді;

26) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған бір келушіге 4 ш.м. кем емес және 50%-дан асырмай **сенбі және жексенбіде тоқтата тұрып**, сауна қызметіне рұқсат беруді;

27) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған, клиент залында бір келушіге 4 ш.м. кем емес әлеуметтік қашықтық сақтау мүмкіндігімен **сенбі және жексенбі күні тоқтата тұрып**, СПА орталықтары қызметіне рұқсат беруді;

28) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған бір адамға су ауданы 5 ш.м. жеке форматта **сенбі және жексенбі күні тоқтата тұрып**, бассейн қызметіне рұқсат беруді;

29) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған, қоғамдық көліктің жұмыс істеуіне (қарбалас сәтте автобус санын ұлғайту, күллі есіктерді ашу, адамдарды отыратын орын саны бойынша отырғызу) рұқсат беруді;

30) Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорт жаттығуларына **(30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру)** рұқсат беруді;

31) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған мемлекеттік органдар (ұйымдар мен кәсіпорындар), квазимемлекеттік сектор органдары, ұлттық кампаниялар, өзге де ұйымдар, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілері қызметіне рұқсат берілсін. Бұл ретте, КВИ таралуы мен алдын алу іс-шараларына қатысатын ұйымдар мен тіршілікті камтамасыз ететін кәсіпорындардан, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен тотенше жағдайлар қызметі қызметкерлерінен басқа, **штаттық кестеде 20-дан артық қызметкер болғанда, қызметкерлердің кемінде 80%-ы қашықтықтан жұмыс атқарады**;

32) № 67 ҚР БМСДҚ талаптарын, аймақтарға бөлу талаптарын және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим сақталған, **алдын ала жазылу бойынша** медицина орталықтары, стоматология клиникалары мен кабинеттері қызметіне рұқсат беруді;

33) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған туризм объектілері мен адамдар орналасып тұратын салада толықтырылуы **80%-артық емес** қызмет көрсететін ұйымдар (қонақ үй, отель, демалыс үй, туристік база және т. б.) қызметіне рұқсат беруді;

34) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған дәріхана қызметіне рұқсат беруді;

35) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған үздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіп кәсіпорындары қызметіне, ашық ауадағы құрылыс жұмыстарына, ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы мен мал шаруашылығына рұқсат беруді;

36) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим сақталған алдын ала жазылу бойынша көлік салонында 2 клиенттен артық, ТҚС-да 3 клиенттен артық болмауы керек, тұрақты жұмыс

орындары арасында кемінде 2 метр қашықтық болуы келушілерге жанаспайтын қызмет түрлерін көрсету объектілері (көлік жуу, көлік жөндеу, тұрмыстық техника, сағат, телефон, компьютер, аяқ-киім жөндеу, тігін ательесі, кір жуатын орындар, химиялық тазалау, кілт дайындау, тұрмыстық үй принципін бойынша және т.б.) рұқсат беруді;

37) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актілері негізінде уақыты мен санын шектей отырып, қаржы нарығы субъектілері қызметіне рұқсат беруді;

38) № 67 ҚР БМСДҚ-ға 47-қосымшаға сәйкес жалпы білім беру мектептері жұмысына қойылатын талаптар сақталған жағдайда 2020-2021 оқу жылының төртінші тоқсанында:

- оқушылар саны 300-ге дейін контингенті бар, сыныптарда 25-тен артық емес бала санымен қалалық және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқытуға;

- білім мекеме әкімшілігінің шешімі бойынша топтарда 15 адамнан артық емес сабақтан тыс уақытта оқушыларды жеке оқытуға;

- жалпы білім беретін мектептерде мектеп алды сыныптардың, 1 сыныптан 5 сыныпқа дейін қоса алғанда, халықаралық мектептерде 1 сыныптан 7 сыныпқа дейін қоса алғанда, сыныптарда 25-ке дейін бала санымен оқушыларды аралас форматта оқытуға;

- оқу бітіретін сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның 6 күні ішінде аралас форматта оқытуға: пәндердің 70%-ы штаттық режимде, 30%-ы қашықтықтан оқытуға (сыныпта 15 адамнан артық емес, «1 сынып - 1 кабинет» қағидаты бойынша оқыту, санитариялық-дезинфекциялық және маска режимдерін сақтау);

39) колледж бен жоғары оқу орындарының I курс студенттерін екінші семестрден бастап аралас оқытуға рұқсат беруді;

40) № 67 ҚР БМСДҚ-ға 46 қосымшаға талаптары сақталған, ас залында бір мезгілде 60 баладан артық емес, бірақ отыратын орын санынан 50%-дан артық емес білім объектілеріндегі қоғамдық тамақтандыру объектілері қызметіне рұқсат беруді;

41) өңірдегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат беруді;

42) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернат (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернат, дарынды балаларға арналған мектеп-интернат қызметіне рұқсат беруді;

43) беттерде режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан артық емес жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парк, қорық, резерват және т.б.) баруға рұқсат беруді;

44) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим сақталған жағдайда бір мезгілде 30 адамнан артық болмайтын облыстық команда дайындау үшін оқу-жаттығулардың жандандырылуына рұқсат беруді;

45) № 67 ҚР БМСДҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес 1 адамға кемінде 4 шаршы метр әлеуметтік қашықтықты сақтау мүмкіндігі есебінен толтырылатын кезде

бизнес-орталықтары (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттік, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары қызметтері және т. б.) жұмысын ұйымдастыру;

46) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған, туристік компаниялар, айырбастау пункттері, ломбард жұмысын ұйымдастыру;

47) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, сенбі күндері сағат 09.00-ден 14.00-ге дейін шектей, онлайн форматта барынша қызмет көрсете отырып, «Қазпочта» АҚ жұмысын ұйымдастыруды;

48) халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі-ХҚКО), оның ішінде мамандандырылған ХҚКО-ның сенбі күндері қызметін тоқтата тұрып, жұмыс күндері (дүйсенбі - жұма) сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, ұйымдастыру. Көкшетау қаласының ХҚКО бөлімдерінде, оның ішінде мамандандырылған ХҚКО-да азаматтарды қабылдауды қатаң түрде Egov.kz немесе 1414 Call-орталығы алдын ала броньдау арқылы жүргізу;

49) қоғамдық көлікті, такси көліктерін, өнеркәсіптік аумақтарды, әуежайларды, балаларға арналған аула алаңдарын, азық-түлік және азық-түлік емес базарларды және басқа да қоғамдық орындарды санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізуді;

50) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларына сәйкес шектеу іс-шараларының сақталуына мониторинг жүргізу және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес санитариялық-карантиндік шараларды сақтамаған тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарта отырып, Әкімдіктер жанындағы мобильді топтардың объектілерге рейд тексеру жүргізуді;

51) халыққа COVID-19 ауруының таралуының алдын алу бойынша ақпараттандыру-түсінідіру жұмысын жүргізуді;

52) медициналық ұйымдарда, карт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәби үйлеріне, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарында, интернат үлгісіндегі мүгедек балаларға арналған оқу орындарында карантин режимі және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды;

53) № 67 ҚР БМСДҚ-ға 32-қосымшаға сәйкес қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, COVID-19-дан (U07.1) және вирустық пневмониядан (U07.2) көз жұмған адамның мәйітін жерлеуді ұйымдастыру үшін әрбір ауданда (қалада) бригада құрылсын;

54) COVID-19-дан (U07.1) және вирустық пневмониядан (U07.2) көз жұмған адамдардың мәйіттерін тасымалдауға арналған автокөлікпен, көмуге катысатын адамдарды жеке қорғаныш құралдарымен қамтуды қамтамасыз етсін.

5. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар басшылары қарбалас сәтте қоғамдық көліктерде көп адамның жиналуына жол бермеу мақсатында жұмыс уақытының басталуын сағат 8.00-ден, 9.00-ден, 10.00-ден ауыстыру арқылы жұмыс істейтін адамдар үшін сараланған жұмыс әдісі қарастырылсын.

6. Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің қолданыстағы қаулылары талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Ақмола облысы Полиция департаментінің бастығы:

1) қызметі рұқсат етілген объектілерде карантиндік шараларының, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылауға жәрдемдесуді қамтамасыз етсін. Бұзушылықтар анықталған кезде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексе талаптарына сәйкес тиісті әкімшілік шараларды қолданылсын;

2) COVID-19 қарым-қатынаста болғандарды карантинге және ауруханаға жатқызылған орындарын қорғауды;

3) COVID-19 қарым-қатынаста болғандарды іздестіру және COVID-19 зертханалық сараптама нәтижесі оң болып анықталған тұлғаларды карантинге орналастыруды қамтамасыз етсін.

8. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармалары басшылары:

1) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларының талаптарын орындауды;

2) COVID-19 (U07.1), соның ішінде COVID-19 «Коронавирус инфекциясы» U07.2 (Вирус сәйкестендірілмеген) ошақтарында эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуді;

3) халықты COVID-19 таралуы бойынша ағымдағы эпидемиологиялық жағдай және өңірлерде қолданылатын шаралар туралы хабардар етуді;

4) COVID-19 (U07.1) алдын алу шаралары туралы халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді;

5) санитариялық-карантиндік талаптардың шарттарын сақтамағаны үшін әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдауды;

6) медициналық ұйымдардың «Дамумед» АЖ-і арқылы байланыста болған адамдарға қашықтықтан мониторинг жүргізуін бақылауды қамтамасыз етсін.

9. Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы, аудандар және Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері:

1) бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы 2 күн ішінде қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы халыққа хабардар етуді;

2) халық үшін қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы жаднамалар, оның ішінде шұғыл және апат қызметтерінің барлық қажетті байланыстарын көрсете отырып, шектеу іс-шаралары кезеінде көшелерде қауіпсіздік шараларын, жүріс-тұрыс ережелерін сақтау туралы азаматтарға арналған нұсқаулықтар әзірлеуді;

3) облыс тұрғындары арасында жұқтыру ошақтарын оқшаулау және оның таралу қаупін азайту бойынша қабылданатын шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау жүргізуді қамтамасыз етсін.

10. Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ-ндағы РМК-нің Ақмола облысы бойынша филиалы Қазақстан Республикасының мен Ақмола облысының Бас

мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулылары талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

11. «Ақмола облысы аумағында карантиндік шектеу шараларын жеңілдету туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 24 ақпандағы № 9, «Ақмола облысы аумағында карантиндік шектеу шараларын жеңілдету туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 24 ақпандағы № 9 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 13 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

12. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қызметті жүзеге асыратын Ақмола облысының қалалары мен аудандарының тиісті аумағындағы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантин шараларын күшейту туралы шешім қабылдауға құқылы.

13. Меншік нысанына карамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар Қаулыны орындауға міндетті.

14. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халыққа бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

15. Осы қаулы **2021 жылғы 11 сәуірде сағат 00.00-ден** бастап күшіне енеді.

Ақмола облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



А.Мусина